



QAZAQSTANNYŇ
JAŇA
MAMANDYQTAR
MEN QYZYRETTER
ATLASY

QAZAQSTANNYŇ JAŇA KESIPTERI MEN QYZYRETTILIGIN ATLASY

№
06

2020

enbek.kz/atlas

МАШИНА ЖАСАУ




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ



THE WORLD BANK
IBRD • IDA | WORLD BANK GROUP



ЕҢБЕК ДАҒДЫЛАРЫН
ДАМУҒА ЖӘНЕ ЖҰМЫС
ОРЫНДАРЫН ҒЫНАЛАҒАН



QAZAQSTANNYŇ
JAŇA
MAMANDYQTAR
MEN QUZYRETTER
ATLASY



А МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУЛАР ТІЗІМІ	4
1. ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ БОЙЫНША НАВИГАЦИЯ	8
2. ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ МАШИНА ЖАСАУ	18
3. МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ САЛА САРАПШЫЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫМЕН	34
3.1. Сарапшылардың пікірі	36
3.2. Саланың дамуына болжам..	44
4. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ТРЕНДТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР	62
4.1. Роботтар мен ақылды жүйелерді енгізу ауқымын арттыру	67

4.2. Цифрлы машина жасау	79
4.3. Сала ресурстарын басқару тиімділігін арттыру	102
4.4. Өндірістің экологиялылығына қойылатын талаптардың артуы	125
4.5. Y және Z маман буындарының сұраныстарының өзгеруі	130
4.6. Тұтынушы қалауының өзгеруі	137
5. БОЛАШАҚ АЛЫС ЕМЕС. МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫ ҮШІН ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?	144
6. МАНСАБЫҢЫЗ ТАБЫСТЫ БОЛУ ҮШІН ҚАНДАЙ ДАҒДЫЛАР МЕН ҚҰЗЫРЕТ ҚАЖЕТ?	156
6.1. Кәсіптік құзыреттер	159
6.2. Болашақ мамандықтардың бағдар алдындағы негізгі дағдылары	163
6.3. Алдағы 10–15 жыл ішінде бағдарлық дағдылардың сұранысын бағалау	172
7. ҚАНДАЙ МАМАНДЫҚҚА ОҚУ ҚАЖЕТ?	184
7.1. Машина жасаудың жаңа мамандықтары	188
7.2. Машина жасаудың өзгермелі мамандықтары	206
7.3. Машина жасаудың жоғалып бара жатқан мамандықтары	216
8. ЖАҢА МАМАНДЫҚТАРДЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЕТУ	222
ҚОРЫТЫНДЫ	230
ЖОБА КОМАНДАСЫ	236

A | ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУЛАР ТІЗІМІ

- ▶ **3D** — ағылш. 3-dimensional (үшөлшемді).
- ▶ **AM** — ағылш. Additive manufacturing (аддитив технологиялары).
- ▶ **AR** — ағылш. Augmented reality (толықтырылған ақиқат).
- ▶ **ERP** — ағылш. Enterprise Resource Planning (кәсіпорынның ресурстарын жоспарлау).
- ▶ **IFR** — ағылш. International Federation of Robotics (Халықаралық робот техникасы федерациясы).
- ▶ **IoT** — ағылш. Internet of Things (заттар интернеті).
- ▶ **MR** — ағылш. Mixed reality (аралас ақиқат).
- ▶ **RFID** — ағылш. Radio Frequency identification (радио жиілікті сәйкестендіру).
- ▶ **VR** — ағылш. Virtual reality (виртуалды ақиқат).
- ▶ **ЖМА** — Жаңа мамандықтар атласы.
- ▶ **АҚ** — Акционерлік қоғам.
- ▶ **ЕАЭО** — Еуразиялық экономикалық одақ.
- ▶ **ЕО** — Еуропалық одақ.
- ▶ **АКТ** — ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.
- ▶ **АТ** — ақпараттық технологиялар.
- ▶ **ҚР** — Қазақстан Республикасы.
- ▶ **ҚР ИИДМ** — Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі.
- ▶ **ҚР ҰЭМ** — Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі.
- ▶ **ҒЗИ** — Ғылыми-зерттеу институты.
- ▶ **ҒЗТКЖ** — Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар.
- ▶ **ҰКП** — Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.
- ▶ **АЖЖ** — асқын жоғары жиілік.
- ▶ **ТМД** — Тәуелсіз мемлекеттер достастығы.
- ▶ **АҚШ** — Америка Құрама Штаттары.
- ▶ **ТжәнеКББ** — техникалық және кәсіптік білім беру.
- ▶ **ТМҚ** — тауар-материалдық құндылықтар.
- ▶ **ЖШС** — жауапкершілігі шектеулі серіктестік.
- ▶ **СББ** — сандық бағдарламалық басқару.


Машина жасаудың өзгермелі мамандықтары



Машина жасаудың жоғалып бара жатқан мамандықтары



Машина жасаудың жаңа мамандықтары






ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ БОЙЫНША НАВИГАЦИЯ

1.





ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ БОЙЫНША НАВИГАЦИЯ

Құрметті оқырмандар!

Сіздер соңғы уақытта бізді қоршаған әлемнің қарқынды түрде қаншалықты өзгеріп жатқанын байқаған шығарсыздар. Бұрын орындалмас арман, тіпті қиял болып көрінген құбылыстар, қазіргі таңда нақты көрініс тауып отыр. Соңғы он жыл ішіндегі өзекті тренділер біздің қалаларымызды, үйлерімізді, біздерді ғана емес, сондай-ақ еңбек нарығы — біз таңдайтын мамандықтарды да өзгертіп жіберді.

Естеріңізге салыңыздаршы, бұрын біз өзіміз ұзақ күткен хатты почта тасушының келуімен асыға тосушы едік. Ал, қазір болса, құрлықтың басқа жеріне хат жіберу үшін бір батырманы басу жеткілікті және хат алушы оны осы мезетте алады. Кезінде сұранысқа ие болған, осы почта тасушы мамандықтар армиясы қазір қайда? Олар да сол мұржа тазалаушылар, кегельдерді қоюшылар, тасымалдаушылар жүрген жерде...

Қазіргі таңда перспективасы жоғары мамандықтардың өзі күтпеген жерде өзекті болудан қалады деген болжам бар.

Сол себепті, қажетсіз мамандықтардың армиясы толып қалмас үшін өзіңнің болашақ мамандығың үшін немесе жұмыс ауыстырған кезде жаңа кәсіп алу үшін ерекше көзқараспен қарау қажет.

МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАҒАНДА — БІЗ БОЛАШАҒЫМЫЗДЫ ТАҢДАЙМЫЗ.

Мамандық таңдау — әрқайсымыздың өміріміздегі ең күрделі сауалдардың бірі. Әрине, біздің болашақ мамандығымыз біз үшін қаржылық әл-ауқат пен қанағат

әкеліп қоймай, қоршаған ортаға да пайдасын тигізуі қажет. Және де қателеспесек дейміз — он жылдан соң да, жиырма жылдан соң да өзекті болатын мамандық таңдауда қателеспесек дейміз.

Осы мақсатта біз, Жаңа мамандықтардың атласын әзірледік, материалдарды дайындау негіздемесіне технологиялық Фор-сайт базасында болашақты болжау әдіснамасы пайдаланылған.

Жаңа мамандықтар атласының міндеті — әртүрлі салалардағы өзгерістер қандай тренділердің ықпалымен болатындығын, сондай-ақ еңбек нарығында қандай өзгерістер болатындығын Сіздерге түсіндіруге жәрдем беру.

Біздің Атлас алдағы 10–15 жыл ішінде қандай мамандықтар пайда болады, ал қандай мамандықтар өзгереді немесе немесе тіптен жойылып кететендігін саралауға жәрдем береді. Сонымен бірге, Сіздерге болашақта мансабыңызды табысты ету үшін біршама сұранысқа ие болатын дағдылардың тізімін айқындап алуға көмектеседі.

АТЛАСТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Журналдың тараулары бойынша бағдар алу жеңіл болу үшін біз бұл тараулардан қандай ақпаратты алатыныңыз туралы Сіздерге қысқаша шолу береміз.

Қазақстан экономикасындағы машина жасау.	Бұл тарауда беріледі ▶ машина жасау саласының елдің экономикасын дамытудағы роліне баға беру, ▶ саланың ағымдағы жай-күйіне және соңғы 10 жыл ішіндегі жетістіктеріне талдау.
Машина жасау саласының болашағы сала сарапшыларының көзқарасымен.	Сіз мұнда ▶ саланың жетекші сарапшыларымен жасалған сұхбаттан үзінділермен, ▶ алдағы 10–15 жылға саланы дамыту болжамдарымен танысасыз.
Қазақстанның машина жасау саласының болашағын қалыптастыратын трендтер мен технологиялар.	Журналдың маңызды тарауы, мұнда білуге болады ▶ саланың дамуына біршама ықпал ететін жетекші тренділер, ▶ озық технологияларды өндірістік учаскелерге енгізудің арқасында алынған нәтижелер.
Болашақ алыс емес. Машина жасау саласы үшін қандай болмақ?	▶ Машина жасау саласының болашағына көз жүргізісі келетіндер үшін өте қызықты тарау. ▶ Ең бастысы, бұл тарау осы болашақтың бір бөлігі болғысы келетін немесе болғысы келмейтіндер үшін шешім қабылдауға көмектеседі.
Мансабыңыз табысты болу үшін қандай дағдылар мен құзырет қажет?	▶ Сіз бұл жерде құзыреттің дағдыдан қалай ерекшеленетіндігіне жауап аласыз. ▶ Кәсібіңізде табысты болу үшін қандай дағдыларды дамыту қажет екендігін түсінесіз.
Қандай мамандыққа оқу қажет?	▶ Жаңа, ▶ өзгермелі ▶ және жоғалып бара жатқан мамандықтар туралы толық ақпарат беретін журналдың басты тарауы.
Қайда оқу қажет?	Бұл тарау Сіздерге ▶ қандай жоғары оқу орындары машина жасау саласы үшін мамандар дайындайтындығын айқындауға, ▶ жаңа мамандықтар бойынша қай жерден білім алуға болатындығын білуге көмектеседі

ЖАҢА
МАМАНДЫҚТАР
АТЛАСЫНАН СІЗ
МАМАНДЫҚТАРДЫҢ
ҮШ ТОБЫНЫҢ
СИПАТТАМАСЫН
ТАБАСЫЗ

ЖАҢА
МАМАНДЫҚТАР

— қазір жоқ мамандықтар, не болмаса жаңа ғана пайда болып келе жатқан және жақында өзекті болатын мамандықтар.

ӨЗГЕРМЕЛІ
МАМАНДЫҚТАР

— бұл жаңа технологиялардың ықпалымен қойылатын біліктілік талаптары біршама өзгертін қазір қолданыстағы мамандықтар мен кәсіптер.

ЖОҒАЛЫП
БАРА ЖАТҚАН
МАМАНДЫҚТАР

— бұл кемел болашақта сұранысқа ие болмайтын мамандықтар мен кәсіптер.

Сіздерге Жаңа мамандықтар атласын қалай қолдану керектігі түсінікті болу үшін, біз оның құрылымын әрбір сала үшін әмбебап үлгімен құрдық.

Атлас материалдарымен жұмыс істеу жеңіл болу үшін сүзгілерді қолдануға болады, олар мамандықты жылдам іздеп табуға және таңдауға көмектеседі.

МАМАНДЫҚТАРДЫ ТОПТАСТЫРУШЫ СҮЗГІЛЕР:

1. Сала (тоғыз сала).
2. Жаңа/өзгермелі/жоғалып бара жатқан мамандықтар.
3. Тренділер.
4. Дағдылар мен құзыреттер.

Барлық салалық мамандықтар Атласына болжам жасау негізінде саланың және тұтастай елдің экономикасының дамуына біршама ықпал ететін алты жетекші тренд жатыр.

ЖЕТЕКШІ ТРЕНДТЕР:

1. Роботтар мен ақылды жүйелерді енгізуді кеңінен тарату.
2. Цифрландыру мен ауқымды деректерді қолдану салаларын ұлғайту.
3. Сала ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыру.
4. Ұсынылатын қызметтердің экологиялы болуына қойылатын талаптардың артуы.
5. Жаңа буын қызметкерлеріне қойылатын талаптар мен сұраныстардың өзгеруі.
6. Тұтынушының қалауының өзгеруі.

Жаңа мамандықтарға сипаттама беру үшін он бағдарлық дағды қолданылады, олар ол мансапты табысты етіп құру үшін және кәсіптік құзыреттердің негізін қалыптастыру үшін қажет.

НЕГІЗГІ БАҒДАРЛЫҚ ДАҒДЫЛАР:

1. Үнемді өндіріс.
2. Клиентке бағдарлану.
3. Көп тілділік және көп мәдениеттілік.
4. Салааралық байланыс дағдылары.
5. Көркем шығармашылық дағдылары.
6. Бағдарламалау/робот техникасы/ жасанды зияткерлік.
7. Өзін-өзі дамыту және бейімделу.
8. Жүйелі түрде ойлау.
9. Процестер мен жобаларды басқару дағдысы.
10. Экологиялық тұрғыдан ойлау.

ӨЗГЕРМЕЛІ ЖӘНЕ ЖОҒАЛЫП БАРА ЖАТҚАН МАМАНДЫҚТАРҒА НЕ БОЛАДЫ?

МАМАНДЫҚТАР НЕЛІКТЕН ӨЗГЕРЕДІ НЕМЕСЕ ЖОҒАЛЫП КЕТЕДІ?

- Бұл ғылыми-техникалық прогрестің ықпалымен болады. Жаңа технологиялар, автоматтандыру мен цифрландыру тек ауыр қол еңбегін ғана емес, сондай-ақ ой еңбегін алмастыруға қабілетті.

БҰЛ ҚАНШАЛЫҚТЫ ТЕЗ БОЛАДЫ?

- Мамандықтардың өзгермелі болу процесі басталған, әрі оның ауқымы тек өсе береді. Ал, мамандықтар біртіндеп жоғала бастайды. Сол себепті, мұндай мамандық иелерінің өздерінің болашақ кәсібін айқындап алуға уақыты бар.

МҰНЫҢ НӘТИЖЕСІ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

- Жұмыс орындары қысқарады және қолданыстағы мамандықтарға деген талаптар артады. Таңдау жасау қажет болады: қосымша кәсіптік құзыретті меңгеру немесе жаңа мамандықтар бойынша қайтадан оқу.

ҚАЛАЙ СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАН БОЛЫП ҚАЛУҒА БОЛАДЫ?

- Өзіңнің кәсіптік деңгейіңді үнемі арттырып отыру қажет, жаңа дағдылар мен құзыреттерді меңгеріп, сондай-ақ еңбек нарығындағы қарқынды қадағалап отыру қажет.

БҰЛ ПРОЦЕСТІҢ ҚАНДАЙ БАСЫМ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ БАР?

- Бірсарынды, сіресіп қалған жұмысқа байланысты кәсіптер жоғалып кетеді. Олардың орнына жаңа жұмыс орындары келеді, мұнда болашақтың дағдысына және құзыретіне ие мамандар сұранысқа ие болады.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР МЕН ҚҰЗЫРЕТТЕР АТЛАСЫ



Машина жасау

Өр түрлі машиналарды, технологиялық жабдықтарды және олардың бөлшектерін жобалау, өндіру, қызмет көрсету, кәдеге жаратуды жүзеге асыратын экономика саласы



Ауыл шаруашылығы

Азық-түлік (тағам өнімдерін) және бірқатар өнеркәсіп салаларына арналған шикізаттарды өндіру, сақтау және қайта өңдеуге бағытталған экономика саласы



АТ

Техникалық құралдардың көмегімен пайдалы ақпаратты іздеу, жинау, сақтау, өңдеу, беру және ұсынуға бағытталған экономика саласы



ТМК

Шикізатты өндіруден бастап дайын өнім — қара және түсті металдар мен олардың қорытпаларын шығаруға дейінгі өндірістік процесс сатылары мен өзара байланысты салалардың жиынтығы



Энергетика

Барлық түрлі ресурстарды генерациялау, түрлендіру, тарату және пайдаланумен айналысатын экономика саласы



Мұнай-газ

Пайдалы табиғи қазбалар — мұнай және ілеспе мұнай өнімдерін өндіру, қайта өңдеу, жинау және сатумен айналысатын экономика саласы



Көлік және логистика

Жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын экономика саласы, сондай-ақ оңтайландыру мақсатында басқару жүйесі



Туризм

Басқа мемлекеттерге шығуды (саяхаттауды) немесе тұрғылықты мекенінен ерекшеленетін елді мекендерге өмір сүру салтымен, гастрономиясымен, табиғатымен және т. б. таныстыру үшін ұйымдастырылу жүзеге асырылатын экономика саласы



Құрылыс

Ғимараттарды, құрылыстарды, үймереттерді жобалауды, салуды (тұрғызу) жүзеге асыратын, сондай-ақ оларға күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізетін экономика саласы





ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ МАШИНА ЖАСАУ

2.






ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ МАШИНА ЖАСАУ

Машина жасау елдің индустриалды-инновациялық дамуының басты саласы болып табылады, ал оның даму деңгейі елдің экономикалық тәуелсіздігіне және оның қауіпсіздігіне әсер етеді.

1-сурет

ҚР Индустриялық-инновациялық дамытудың 2010–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың негізгі қорытындылары.¹



¹ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің баспасөз қызметі. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://primeminister.kz/ru/news/naibolshuyu-dinamiku-rosta-sredi-otrasley-mashinostroeniya-demonstriruet-avtomobilestroenie-miir-rk-1954037> (аталған сайтқа уақыт: 2020.09.15).

КӘСІПТІ 7 БАЗАЛЫҚ МАМАНДЫҚ БОЙЫНША АЛУҒА БОЛАДЫ

ЖЫЛ САЙЫН ҚР 11
КОЛЛЕДЖ БЕН 11 ЖОО
ОҚИДЫ



2200

металлургия саласында



9500

кен өндіру саласында

ҚР ШАМАМЕН 2394 ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КӘСІПОРЫН

ОНЫҢ ІШІНДЕ: 85 ІРІ, 79 ОРТА
ЖӘНЕ 1900 ШАҒЫН 1472,3
МЛРД. ТЕҢГЕ




85



79



1900



Өнеркәсіп
өндірісінің
көлеміндегі үлесі



Өңдеу өнеркәсібі
өндірісінің
көлеміндегі үлесі




ҚР өндірісінің
қызметкерлерінің
жалпы саны

ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕМДІК ҚОРЛАРДАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН




ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕР ҚОЙНАУЫНДА МЕНДЕЛЕЕВ КЕСТЕСІНІҢ 105 ЭЛЕМЕНТІНЕН



АВТОМОБИЛЬ ЖАСАУ

Автомобиль жасаудың 2010-2019 жылдар ішінде даму қорытындысы



Машина жасау әрдайым ғылымды қажет ету мен технологиялылығының жоғары деңгейімен ерекшеленді. Бұл ретте, егер 20-ыншы ғасырда саланың негізін жұмыскерлерінің саны көп ірі заводтар құраса, ал заманауи машина жасау саласында қызмет көрсетуші персоналдарының саны аз автоматтандырылған немесе роботтандырылған өндірістер бар.

Машина жасау экономиканың аралас салаларына мультипликатив берілісінің жоғары деңгейімен сипатталады. Машина жасауда құрылған бір жұмыс орны аралас салаларда шамамен 7–8

жұмыс орнының ашылуына себеп болады. Қазақстанның машина жасаушыларының арасында экономиканың басқа салаларына ең үлкен мультипликативті әсер ететін кәсіпорындар — бұл электр жабдықтары мен көлік құралдарын шығаратын кәсіпорындар.²

Қазақстандық машина жасаудың ең басты артықшылығы машиналар мен жабдықтарды жөндеу мен орнату жөніндегі кәсіпорындардың, сондай-ақ автомобиль жасау, темір жол және ауыл шаруашылығының машиналарын жасауда құрама өндірістің басым артықшылығы болып табылады.

Машина жасау салалары арасындағы ең жоғары өсу динамикасын автомобиль өнеркәсібі көрсетті. Отандық автоөнеркәсіптің өнімдері экспорттық нарықтарға шықты..

Сала үшін негізгі елдер-экспорттаушылар Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстан болып табылады. 2020 жылдың наурызында Алматы қаласында өндіріс қуаты жылына 45 мың

жеңіл автомобиль шығаратын Hyundai Trans Kazakhstan жеңіл автомобильдерін шығару жөніндегі заводтың бірінші кезегі іске қосылды.

Бірқатар отандық кәсіпорындар шетелдік өндірушілермен бірлесе жеңіл автомобильдер мен оларға арналған шиналарды, сондай-ақ автобустарды өндіру жөніндегі ірі инвестициялық жобаларды іске асырып жатыр.

Сектордың негізгі кәсіпорындары

СарыарқаАвтоПром

Hyundai Trans Auto

Азия Авто

КАМАЗ-Инжиниринг


Daewoo Bus Kazakhstan

СемАЗ

² Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің баспасөз қызметі. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: primeminister.kz/ru/news/reviews/odno-rabochee-mesto-v-mashinostroitelnoy-otrasli-stimuliruet-sozdanie-7-8-rabochih-mest-v-smezhnyh-otraslyah-2821350 (аталған сайтқа уақыт: 2020.09.15).

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МАШИНАСЫН ЖАСАУ

2010-2019 жж. аралығында ауыл шаруашылығы машиналарын жасау



Ауыл шаруашылығы салаларына арналған техника өндірісі жөніндегі кәсіпорындар өндіріс көлемінің тұрақты түрде өсу қарқынының көрінісі. 153 мың бірлік жұмыс істеп тұрған трактор мен 42 мың бірлік комбайн ішінен, 65% тракторлар мен 46% комбайн 17 жылдан астам пайдаланып келе жатқандығын атап өткен дұрыс.

Машина жасау жоспарларында бұйымдарды жергілік ету, өндірісті ұлғайту, экспортқа шығу, сондай-ақ қосалқы және жинақтаушы

бөлшектерді шығаруды игеру деңгейін арттыру.

2019 жылдың маусымында «АгромашХолдинг КЗ» АҚ ірі қытай корпорациясымен бірлесе жылына 3000 тракторға дейін шығару қуаты бар «Ловол» маркалы тракторын шығару ісі реттелген. 2019 жылдың қазанында Қостанай трактор заводының базасында «Кировец» транторларын құрастыру жөніндегі завод ашылды. Заводтың қуаты шамамен жылына 700 тракторды құрайды.

Сектордың негізгі кәсіпорындары

АгромашХолдинг КЗ

Композит Групп Казахстан


Қостанай трактор заводы

Дон Мар

Агро Инновациялық Корпорациясы

ТЕМІР ЖОЛ МАШИНАСЫН ЖАСАУ

2010-2019 жж. аралығында темір жол машиналарын жасау



Жаңа технологияларды енгізу сала кәсіпорындарына жаңа өнімдерді шығару есебінен өндіріс көлемін арттыруға мүмкіндік берді: тепловоздар, электровоздар, темір жол құрамдарына арналған осьтер мен доңғалақтар.

Бірлескен қызметке темір жол машиналарын жасаушы жетекші өндірушілер жұмылдырылған — «Alstom», «General Electric»,

«Трансмашхолдинг». Машина жасауды индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың соңғы 10 жылы ішінде қатарға қосылған заводтар: «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ, «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС, «Проммашкомплект» ЖШС және Вагонно-строительный завод «Тұлпар», олардың бұйымдары экспортқа бағдарланған.

Сектордың негізгі кәсіпорындары

Локомотив құрастыру зауыты

Вагонностроительный завод «Тұлпар»

Электровоз құрастыру зауыты

ЗИКСТО


Проммашкомплект

Казах. вагоностроительная компания

Format Mach Company

ЭЛЕКТРТЕХНИКАЛЫҚ МАШИНА ЖАСАУ

2010-2019 жж. аралығында электр техникалық машиналарын жасау



Саланың бұйымдары елдің сыртқы нарығында сұранысқа ие. Мысалы, аккумулятор батареялары Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Германия, Қытайға экспортталады. Кентау трансформатор заводының бұйымдарының негізгі импорттаушылары Ресей, Тәжікстан,

Қырғызстан мен Түркіменстан болып табылады. Қазіргі таңда Петропавл қ. арнайы экономикалық аймағында Alageum Electric компаниясы бұйымдарының экспортқа шығарылуы бағдарланатын завод құрылысы жүріп жатыр.

Сектордың негізгі кәсіпорындары



АРАЛЫҒЫНДА ТАУ-КЕН МАШИНАЛАРЫН ЖАСАУ

2010-2019 жж. аралығында тау-кен машиналарын жасау



Тау-кен машиналарын жасауда 10 жыл ішінде толық айналатын машиналар, шахталық вагоншалар, өзіжүретін бұрғы қондырғысы, ұнтақтағыш-уатқыш жабдықтар сияқты бұйымдар меңгерілді, сондай-ақ кен игеру өндірісіне арналған машиналар мен жабдықтар

үшін қосалқы бөлшектер өндірісі жөнге келтірілді. Өндіріс процестерін жаңғырту және жаңа жағдайларға бейімделу шеңберінде Индустрия 4.0 технологиясын ендірген елдегі ең алғаш кәсіпорындардың бірі — Қарағанды кәсіпорны «Мэйкер» ЖШС.

Сектордың негізгі кәсіпорындары



МҰНАЙ-ГАЗ МАШИНАЛАРЫН ЖАСАУ

2010-2019 жж. аралығында мұнай-газ машиналарын жасау



Өндіріс
көлемінің өсуі
4,2 есеге



Экспорт
көлемінің өсуі
1,1 есеге

Сала кәсіпорындарында 2010 жылдан бастап келесі бұйымдарды өндіру жөніндегі желілер іске қосылды: ілмекті арматура, күш қондырғылары, газдарды сүзгілеуге арналған жабдықтар, сорғы жабдықтары мен басқалары. Сала кәсіпорындарына болашақта ISO, API, OHSAS сияқты халықаралық стандарттар

сертификаттарын алуға мүмкіндіктері болады. Сала кәсіпорындарының бірлескен қызметіне ілмекті арматура өндірісінен неміс көшбасшысы «Бөмер Арматурен», толық жинақты бұрандалы сорғы жүйелерінен канадалық жетекші өндіруші «Куду Индастриз» сияқты ірі әлемдік ойыншылар жұмылдырылған болатын.

Сектордың негізгі кәсіпорындары

Петропавл ауыр машина жасау заводы

Белкамит

KARLSKRONA KC AB

Мұнаймаш

АтырауНефтеМаш

Өскемен арматура заводы

2019 жылы *Forbes Kazakhstan* қаржылық емес рейтинг секторының топ-50 ірі жеке меншік компаниялар қатарына 4 машина жасау кәсіпорны кірді: ГК «БИПЭК Авто-Азия Авто» (12-орын), «Астана-Моторс» Қазақ мотор компаниясы» ЖШС (14-орын), «Алжур» компаниялар тобы» АҚ (27-орын), «Alageum Electric» ГК (35-орын).³

³ 50 ірі жеке компаниялар — 2019: рейтинг, *Forbes Kazakhstan*. Кезінде іріктеуінде компаниялар ескерілді түсімнің сомасы төленген жылға салықтар мен қызметкерлердің саны. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: https://forbes.kz/leader/50_krupneyshih_chastnyih_kompaniy-_2019_1578881268/?utm_source=forbes&utm_medium=mlt_news (аталған сайтқа уақыт: 2020.09.15).

САЛАНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Машина жасаудың дамуын тежейтін: білікті кадрлардың тапшылығы, кәсіпорындардың ескірген материалдық-техникалық базасы және жастардың жұмысшы мамандықтарға деген қызығушылығының жоқтығы.

Машина жасау — алдына өзекті мақсаттар қойылатын маңызды сала болып табылады. Бірақ, басқа да салалар сияқты машина жасау саласы ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да бұйымдарының бәсекелестікке қабілеттілік деңгейінің жет-

кіліксіздігіне әкелетін бірқатар проблемаларға кездеседі. Сала сарапшыларының пікірінше, машина жасаудың дамуына проблемалардың екі тобы әсер етеді: кадрлар және кәсіпорынның техникалық жағынан жарақтануы.

Саланың ағымдағы проблемалары



2.1-диаграмма
Топ-10 проблемаларын ағымдағы Қазақстанда машина жасауды дамыту, көрсететін, ең көп әсер етеді



Көз: сала мамандарының сауалнамасы.

КАДРЛАР

Машина жасау кәсіпорны тәжірибелі, әрі өндіріс сипатын білетін инженерлік мамандықтар сияқты, жұмысшы мамандықтарға, сондай-ақ жаңа технологияларды білетін жас кадрларға деген тапшылықты көріп отыр. Бірақ, сарапшылар атап өткендей, жастардың заводтарға барып жұмыс істеуге деген ниеті жоқ, әсіресе жұмысшы мамандықтарды игеру ниеті жоқ, сол себепті мұның барлығы кадр құрамының қартайғандығын көрсетіп отыр.

Машина жасауда жұмыс істейтін жастардың саны жыл ішінде орташа алғанда 9% төмендеп келеді. Егер 2015 жылдың соңына саладағы 29 жастан жас пер-

соналдың үлесі 21% құраса, 2019 жылдың соңына тек 18% құрады. Бұл ретте саладағы 50 жастан және одан үлкен жастағы жұмыс істейтіндердің саны 28% құраса, ал жұмыс істеуші зейнеткерлердің саны олардың — 3,4% құрайды.⁴

Сонымен бірге, сарапшыларды кадрлардың біліктілігінің төменділігі алаңдатады. Бұл проблемалардың бірі деп - жоғары және орта білім беру мекемелерінің дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі, даярлау бағдарламаларының нақты сала қажеттіліктерінен алшақтығы.

КӘСІПОРЫННЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАРАҚТАЛУЫ

Сала сарапшылары кәсіпорын-

⁴ ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің «Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі.

дардың материалдық-техникалық базасының ескіруін ескеруді маңызды деп атап өтеді. Өндірістік учаскелерде орнатылған жабдықтар Индустрияның 4.0 озық технологияларының ену мәселелерінде әлемдік көшбасшылардан біршама қалыс қалуда. 2018 жылдың басына өңдеуші кәсіпорындардың «80 % астамы» Индустрияның 2.0 деңгейінде (жартылай автоматтандырылған операциялар) немесе автоматтандырылған өндіріске өту деңгейінде болды.⁵

Өндірістік учаскелерге инновациялық технологиялар, роботтар мен роботтандырылған кешендер баяу енгізілуде, жасанды зияткерлік технологиялары то-

лыққанды қолданылып жатқан жоқ. Бұл, ең алдымен әзірше озық технологиялардың құнының жоғары болуына, сондай-ақ, өндіруші кәсіпорындардың алдындағы мүмкіндіктерін толық бағаламаумен байланысты болады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша кәсіпорындардың әртүрлі технологиялық инновацияларды қолдануының республикалық орташа деңгейі 7,5 %, ұйымдастыру инновациялары — 3,6 % құрады.⁶

МАШИНА ЖАСАУ БОЙЫНША Орташа алғанда технологиялық инновацияларды кәсіпорындардың 9 %, ұйымдастыру — кәсіпорындардың 3 % қолданады.

2.2-диаграмма

Технологиялық және ұйымдастыру инновацияларын пайдаланатын машина жасау кәсіпорындарының үлесі (сала кәсіпорындарының таңдап зерттеу сандарының %)



Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

⁵ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрінің «Жаһандану дәуіріндегі цифрлық күн тәртібі» халықаралық форумындағы есебі. [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://www.zakon.kz/4902665-doklad-ministra-mir-rk-na.html> (аталған сайтқа уақыт: 2020.09.15).

⁶ «Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі туралы» таңдамалы зерттеу. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің «Талдау» ақпараттық-талдау жүйесі. 2019 жылы сауалнамаға 773 машина жасау кәсіпорны қатысты (аталған сайтқа уақыт: 2020.09.15).



Технологиялық инновацияларды пайдаланудың ең үлкен деңгейі автомобильдерді, тіркемелер мен жартылай тіркемелерді (29 % кәсіпорындар) мен өзге де көлік құралдарын (27 %) шығарумен айналысатын кәсіпорындарда байқалады.

Машина жасау арасында ұйымдастыру технологияларын ендіру бойынша көшбасшы «Компьютерлер, электронды және оптикалық жабдықтардың өндірісі» саласы болып табылады — саланың 27 % кәсіпорындары осы инновация түрін қолданады.

Қазіргі таңда ауқымды технологиялық тренділердің ықпалымен машина жасау кешені біршама өзгерістерді басынан өткізіп жатыр. Қазақстандық өндірушілер өндірісті ұлғайту есебінен емес, роботтандыру мен цифрландыру, бұйымға кастомизирленген

ұсыныстар, жаңа технологиялар мен материалдарды кеңінен пайдалану есебінен бәсекелестікке түсу мүмкіндіктері пайда болады.

Бұл бағыттарды енгізу тігінен тұрғызылған ірі шоғырландырылған машина жасаушы заводтардан бастап жинақы өндірістік алаңдарға біртіндеп өтуіне ықпал ететін болады.

Озық технологияларды ауқымды түрде енгізетін кәсіпорындарға мемлекет тарапынан нақты қолдау саладағы қалыптасқан жағдайды жақсартады.



МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ САЛА САРАПШЫЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫМЕН

3.

3.1. САРАПШЫЛАРДЫҢ ПІКІРЛЕРІ



УМИРСЕРИК КУЗТАЕВИЧ ЕРЖАНОВ

«Машина жасаушылар
одағы қауымдастығының»
атқарушы директоры

2008–2009 жылдардағы дағдарыс сала үшін қолайлы болды — ақшаның құнсыздануы мен кедендегі проблемалар ішкі нарыққа назар аударуға мүмкіндік берді.

Қазіргі жағдай да осыған ұқсас. ҚазМұнайГаз, Қазатомпром, «Қазақстан Темір Жолы» сияқты ірі компаниялар, сонымен бірге мемлекеттік сыңайлы сектор, ауыл шаруашылығы ішкі нарық өнімдеріне бағдарланатын болады.

ҚР машина жасау саласын индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдау нәтижесінде машина жасаудың алты саласын басым деп жариялады. Осы салаларға басым тәртіпте жеңілдіктер ұсыну мен олардың дамуына арналған жағдайларды жасау туралы шешім қабылданды.

Бұл, мысалға, темір жол саласы табысты түрде даму қарқынын алуға ықпал етті. Нұр-Сұлтанда, Екібастұзда және Петропавлда соңғы бұйым түрлері — локомотивтер, жолаушылар вагоны, жүк вагондары шығарыла бастады. Ішкі нарықтың қажеттіліктерін жаба отырып, бұйымдар сыртқы нарыққа да табысты түрде экспорттала басталды. Қазір темір жолдардағы ескі локомотивтердің жылжымалы паркінің барлығын дерлік ауыстырдық. Темір жол машиналарын жасау саласында саланың дамуына ықпал ететін жаңа кәсіпорындар ашылып жатыр. Мысалы, Екібастұз қаласындағы «Проммаш-комплект» заводы вагон доңғалақтарын шығаруды игерді.

Егер электртехникалық машиналарды жасауды қарастырсақ, онда қазақстандық кәсіпорындар трансформаторларды, конденса-

торларды, аккумуляторларды, кабель-өткізгіш бұйымдарды және басқаларын шығарып жатыр. Сала технологиялық жағынан біршама дами түсуде, перспективасында біз өзіміз шығаратын кеннен қорытынды бұйым түрлерін шығаратын боламыз.

Оның жарқын үлгісі — бұл аккумуляторлар. Егер 90-ыншы жылдары 200 мыңдай аккумулятор шығару арман болса, 2000-ыншы жылдардың басында — миллион аккумулятор, ал қазіргі таңда өндіріс көлемі үш миллионға жуықтап қалды. Бұл ретте өндіріс үшін негізгі шикізат — қазақстандық қорғасын. Аккумуляторлар тек ел ішінде ғана қолданылмайды, олар Қытайға, Еуропаға, Ресейге, Беларусьқа және басқа да мемлекеттерге экспортталады.

Кентау, Шымкент және Орал қалаларында орналасқан заводтарда аз және үлкен қуаттағы трансформаторлар шығарылады. Бұл кәсіпорындар бұйымдарын заманауи технологиялармен және Еуропалық мемлекеттердің тиісті стандарттары бойынша шығарады.

Қазақстанда ерекше және ТМД елдерінде баламасы жоқ Өскемен қаласындағы конденсаторлар өндірісі бар. Конденсаторлар — бұл реактив қуат компенсаторлары, ол энергия үнемдеуші кәсіпорындардың сұранысына ие энергия үнемдеуші жабдық. Бұйымның 70 % артығы экспортқа шығарылады.

Мен көптеген жылдар бойы заводта еңбек еттім. ЖОО мен колледж бітірушілері жұмыс орындарына келгенде үнемі қайтадан оқудан өтетіндігін байқайтынмын. Ол үшін тәлімгерлер жұмылдырып, жастардың

алғашқы қадамына жәрдемдесетін еді. Тәлімгерлік жұмысы нық қойылған кәсіпорындарда жас кадрлармен проблемалар туындамайтын еді.

Сонда да, жас мамандардың кәсіптік деңгейі олардың өздеріне байланысты болады. Оның жаңа жұмыс түрін, жаңа кәсіпті игеруге ниеті болады ма, жоқ па? Және де жас кадрлар, тек олар ғана емес, барлығы өздерінің кәсіптік біліктілік деңгейлерін арттырып, жаңа жабдықтарда жұмыс істеу дағдыларын меңгеруі тиіс.

Сонымен қатар, кәсіпорындар өз қызметкерлерін заводта еңбек етуге деген ниеті болатындай оқуға жіберуі тиіс. Кадрлардың тұрақтамауы жоғары деңгейдегі кәсіпорындарда басшылық өз қызметкерлерінің қамын жеткілікті түрде ойламайды, және соның салдарынан, өнеркәсіптік жабдықтар бос тұрып қалып, толық қуатында қолданылмайды.

Жұмыскерлер өздеріне деген қамқорлықты сезініп, жұмысқа деген талпыныстары болатындай ынталандыру керек. Маман жұмысына келіп, таза киімін киіп, уақытылы ас ішіп, ауысымнан кейін жуынса дейміз.

ӨЗ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЖАҚСАРТЫП, ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ ТАЗА ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫ БОЛУЫН ОЙЛАЙТЫН КӘСІПОРЫНДАР ҚАЗІРГІ ТАҢДА ТИІМДІ ТҮРДЕ — ӨНДІРИСТЕ ТОҚТАУСЫЗ ЖӘНЕ КАДРЛАРДЫҢ ТҰРАҚТАМАУ МӘСЕЛЕЛЕРІНСІЗ ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТЫР. МҰНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДА ЕҢБЕК ЕТЕТІН АДАМДАРДЫҢ ДАМУ МҰМКІНДІКТЕРІ БАР, СОЛ СЕБЕПТІ ОЛАРДЫҢ ДА БЕРЕРІ ЖЕТЕРЛІК. МҰНДАЙ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫНДА МАШИНА ЖАСАУДАҒЫ КАДРЛАРДЫҢ ТАПШЫЛЫҒЫ ПРОБЛЕМАСЫН ДА ШЕШУГЕ БОЛАДЫ ДЕП ОЙЛАЙМЫН.



КАМАЕВ СЕРГЕЙ ВАСИЛЬЕВИЧ

«Казгидромаш» ЖШС директоры,
«КазПолимер» ЖШС директоры

Сергей Васильевич, машина жасаудың Қазақстандағы ағымдағы дамуына қандай баға бересіз? Сіздің пікіріңізше, ҚР саланың дамуына ең үлкен ықпал еткен соңғы бес жыл ішіндегі басты үш оқиғаны атап беріңізші.

Біз 90-ыншы жылдардағы қиын жағдайлардан кейін жағдайды тұрақтандырып, болашақта осы саланың дамуы үшін бірқатар дайындамалар жасадық. Менің ойымша, біз тұрақты дамуға өту кезеңінде тұрмыз. Біз үшін маңызды оқиғалар деп, салалық іс-шаралар мен алаңдарды ұйымдастыру, мысалы «АММ» — Тау-кен металлургиялық конгресі мен «Қазақстанды құрамыз». Нақты құралдар деп «Атамекен» ҰКП мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры болып табылады.

Әлемде қазіргі таңда машина жасаудың дамуы қандай тренділердің ықпалымен болып жатыр деп ойлайсыз? Алдағы 10–15 жылда отандық машина жасаудың дамуына ең көп ықпал ететін үш трендіні атаңыз. Болашақта осы тренділердің ықпалымен салада қандай өзгерістер болады?

Әлем процестерді цифрландыру мен өндірістерді автоматтандыру жолымен дамып келе жатқандықтан бұл тренділер машина жасауға көбірек ықпал етеді. Өндірісті виртуалды даярлау, процестерді бақылау мен жүйелендіруді автоматтандыру машина жасау кәсіпорындарының ішінде өтетіндіктен (өндіріс процесі мен жаңа мамандықтардың пайда болуы) шығарылатын бұйымдарға да қатысты болады (дәлдік, өзіндік құны, өндіріс мерзімдер).

Сіздің пікіріңізше, отандық машина жасаудың жақын кезеңде дамуына ықпал ететін үш техно-

логия қандай болмақ? Сала осы технологиялардың енгізілуімен қалай өзгермек?

3D-технологиялар өндірісі мен сапа бақылаудың перспективасы жоғары. Отандық машина жасау ұсақ сериялы өндірістер үшін (нақты құю түрлері немесе ақаулары) қосымша өңдеуден кетуді қамтамасыз ететін жаңа әдістерді дамытуға зәру. Менің пікірімше, металдарды композиттермен және материалдарды жеңілдетудің жаңа әдістерінің де перспективасы бар.

Сергей Васильевич, Қазақстанның машина жасау саласын 10–15 жылдан кейін қандай деп көресіз? Ол қандай бағытта өзгереді болады? Технологиялық даму қандай деңгейге жетеді, қандай бұйымдар шығарылады және т. с. с.?

Қазақстанда дәлдігі жоғары машина жасаудың ең заманауи технологияларын қолдануды, сондай-ақ, шикізаттарды екінші рет қайта пайдалануды дамыту қажет деп есептеймін. Цифрландыру мен автоматтандыруды (роботтандыруды) міндетті түрде енгізу қалыпты құбылыс болып, өндірістің жоғары стандарттарын қамтамасыз етуі тиіс. Импортты алмастыруға баса назар аудару қажет. Әсіресе, бұл пайдалы қазбаларды игеру мен қайта өңдеу жабдықтарының дәлдік қажет ететін, күрделі тораптарының өндірісін меңгеруге қатысты. Сонымен бірге, тұрмыстық қолданыстағы роботтардың болашақ өндірісіне дайындама құру керек.

Қазіргі таңда Сіздің компанияңыз бен тұтастай алғанда саланың дамуына қандай мамандықтардың жоқтығы кедергі келтіреді, айтып берсеңіз? Бұл мамандардың жоқтығы неге байланысты?

Қазіргі таңда қиындықтар инженерлік қызметкерлерге қатысты. Бұл конструкторлар, технологтар және т. б. Сонымен қатар, СББ бар білдек операторлары жетіспейді, олар уақытқа қарай оқуға дайын және білдектердің жаңа жұмыс жүйелерге өтуге дайын оператор мамандар. Мүмкін себептердің бірі жұмысшы мамандықтардың танымалдылығының төмендеуі деп санаймын. Қазір кеңсе қызметкерлерінің уақыты. Бұйым шығаратын адамдардың мәртебесі мен беделін көтеру керек.

Сіз алдағы 10–15 жыл ішінде машина жасау саласында қандай жаңа кәсіптер пайда болады деп есептейсіз, ал болашақта қандай мамандықтар өзінің өзектілігін жоғалтады немесе өзгереді деп ойлайсыз? Қызметкерлердің қандай құзыреті көбірек сұранысқа ие болады?

Жаңа технологиялар дәуірімен бірге, әрине, мамандықтар да өзгереді. Менің ойымша, робот техникаларын жобалау және оларға қызмет көрсету саласындағы мамандар пайда болады. Виртуалды жобалау, Big Data, материалдарды қайта пайдалану жаңа мамандықтардың пайда болуын қамтамасыз етеді. Осы кезде дәнекерлеушілердің, білдекте істейтін жұмысшылардың, операторлардың жұмысы өзгереді. Ал, есеп жүргізушілер, қойма шаруашылығының кейбір жұмысшылары, бақылаушылар мен таңбалаушылар жоғалып кетуі мүмкін.

Бұл мамандық иелеріне алаңдудың қажеті жоқ, бұл технологиялар мен мамандықтардың қалыпты эволюциясы. Ең бастысы, адам жаңаны оқып-үйренуге, оны меңгеруге, сонымен қатар, Big Data-мен жұмыс істеу қабілеті болатындай қасиеттері болу керек.



ЕРМЕНОВ ДАМИР ГИЗАТУЛЛАЕВИЧ

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ BTC азаматтық өндіріс департаменті директорының орынбасары

Дамир Гизатуллаевич, Қазақстандағы машина жасаудың ағымдағы дамуына қандай баға бересіз? Сіздің пікіріңізше, соңғы бес жыл ішінде отандық машина жасауға ең маңызды ықпал еткен қандай үш маңызды оқиға болды?

2020 жылы пандемия белгілі бір түзетулерді енгізді. Медициналық техникаға, жабдықтарға, бұйымдарға деген сұраныс артты. Біздің компаниямыздың еншілес ұйымында медициналық техника мен бұйымдарды, көбінесе жасанды тыныстандыру аппараттары, оның ішінде заманауи тұрақты жабдықтарды меңгеру жөніндегі жұмыстар басталып кетті, олар бұрынырақ сұранысқа ие болмаған еді.

Бес жыл бойы Қазақстанда Жеңілдікпен автонесиелендіру бағдарламасы іске асырылып келеді, ол отандық машина жасаушы кәсіпорындарға көлік құралдарын сатуды арттырды.

Қазақстан экономикасының мұнайдың әлемдік бағасына тәуелді болуы мұнай операторларының бюджетін қысқартады, ол өз кезегінде, мұнай-газ саласына арналған машина жасау бұйымдарына деген қажеттілікті төмендетеді.

Сонымен бірге, Қазақстанда энергетикалық саланың жоспарға сай дамуы байқалуда. Көбінесе, ЖЭО бірқатарын газға ауыстыру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде, ол машина жасаушы кәсіпорындардың әртүрлі жабдықтарды, оның ішінде стандартты емес жабдықтарды игеру мүмкіндігін береді.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту кредиттер мен лизингтер

бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру арқылы көтерілу деңгейі байқалады, сондай-ақ, инвестициялық субсидиялау, ол сатып алынатын техника құнынан 25 % өтеуді көздейді. Осы инвестициялық субсидиялау арқасында фермерлерде техника алу үшін алғашқы жарнаның болмау сияқты ең күрделі мәселесі шешілген болатын.

Қазіргі кезде әлемде машина жасаудың дамуы қандай тренділердің ықпалымен болып жатыр деп ойлайсыз? Алдағы 10–15 жыл ішінде отандық машина жасауға ең көп ықпал ететін негізгі тренділер қандай, атап өтсеңіз? Осы тренділердің ықпалымен салада қандай өзгерістер болашақта болады?

ЕО елдері, сондай-ақ, кейбір дамушы елдер белгілі бір машина жасау бұйымдарының түрлерін шығаруға мамандандырылған.

Мамандану осы бұйымды шығарушы елдің өзінің жеке қажеттіліктерінен біршама асатын көлемде тауарларды шығару мен қызмет көрсетуді болжайды. Осылайша, ЕО елдері жеңіл өнеркәсіпке арналған жабдықтар мен білдек жасау бұйымдарын шығаруға маманданады; АҚШ, Жапония мен Германия энергетикалық және химиялық жабдықтарды шығаруға бағдарланған; ірі білдек жасаушылар Германияда, Жапонияда және Қытайда дамыған; атомдық және металлургиялық жабдықтар АҚШ, Жапония, Германия, Франция мен Ресейде шығарылады.

Елдің қуатты индустриясы — бұл инновациялық өндірістер, ең алдымен машина жасау салаларында, шығарылатын бұйымдарда қосымша құн үлесінің жоғары

болуымен ішкі және сыртқы нарық үшін қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін.

Машина жасайтын бұйымдардың әлемдік нарықтағы көшбасшысы өндірістердің мамандануын, шоғырлануын және ұжымға бірігуін қамтамасыз етеді, инновациялық тауар және баға саясаты, отандық тауар өндірушілердің бұйымдарын сату кезінде жаңа нарықты жаулауда мемлекеттің қолдауын қамтамасыз етеді.

Мемлекет азаматтарының күнделікті өсіп отыратын қажеттіліктерін тек өмір тіршілігінің барлық салаларында, соның ішінде машина жасау саласында еңбектің жоғары өнімділігі мен мағыналы еңбегі болғанда ғана қанағаттандыруға болады. Машина жасау саласының дәстүрлі аясында отандық және шетелдік жұмыс істеу тәжірибесін зерттеп, жалпылап, енгізіп, жетілдіру, сондай-ақ, қосымша құн салығының жоғары үлесімен бұйымдарды шығару үшін ғылыми, инновациялық технологиялық процестерді озық дамыту маңызды. Қытайда, АҚШ-та, Германияда, Францияда, Жапонияда, Ресейде, Бразилияда, Индияда, Сингапурда жәнпе өзге де мемлекеттерде өнеркәсіпті дамытудың мемлекеттік саясаты үлгі болады.

Сіздің пікіріңізше алдағы уақытта отандық машина жасаудың дамуына көбінесе қандай технологиялар ықпал ететін болады?

Менің ойымша, отандық машина жасаудың дамуына келесі техно-

логиялар ықпал ететін болады: робот жасау; ақпараттық технологиялар; электронды өнеркәсіп.

Алайда, нарықтың шағын екендігін, ҚР халқының аздығын, жоғары бәсекелестікті ескере отырып, машина жасау саласы қатты өзгермейді.

Дамир Гизатуллаевич, Қазақстанның машина жасау саласы 10–15 жылдан кейін қандай болмақ? Ол қандай бағытта өзгертін болады?

10–15 жылдан кейін машина жасау саласының тартымдылығы төмен екендігін ескере отырып, және саланың өтелімділігі ұзақ уақыт болатындықтан, дағдырысты ескеріп, Қазақстанның машина жасау саласы қатты өзгермейді және үшінші-төртінші технологиялық құрылыс кезеңінде қалады. Мүмкін, отандық машина жасаушы компаниялардың шағын бір бөлігі бесінші технологиялық деңгейге өтеді.

Қазіргі таңда Сіздің компанияңыз бен тұтастай алғанда саланың дамуына қандай мамандықтардың жоқтығы кедергі келтіреді, айтып берсеңіз? Бұл мамандардың жоқтығы неге байланысты?

Компанияның және тұтастай алғанда саланың дамуына машина жасау саласын жаңа технологиялық деңгейге шығара алатын топ-менеджерлердің жоқтығы кедергі келтіреді.

Сіз алдағы 10–15 жыл ішінде машина жасау саласында қандай жаңа кәсіптер пайда болады деп есептейсіз, ал болашақта қандай мамандықтар өзінің

өзектілігін жоғалтады немесе өзгереді деп ойлайсыз? Қызметкерлердің қандай құзыреті көбірек сұранысқа ие болады.

Автоматтандыруды енгізуге байланысты өзінің өзектілігін жоғалтатын немесе өзгертін келесі мамандықтар, мысалға, газбен дәнекерлеуші, газбен кесуші, механикалық құрастыру жұмыстарының темір ұстасы.

2010 жылдан бастап әлемде алтыншы технологиялық құрылыстың дамуы басталып кетті, оған сәйкес жаңа кәсіптердің пайда болуына деген қажеттілік бар.

Мысалы, болашақ технологиясын жобалаушы, машина жасаудағы IT-интерфейстерінің әзірлеушісі, робот жасаудағы интерфейстер жобалаушысы, нанотехнологиялық материалдарды жобалаушы.

Машина жасаушы заводтардағы жоғары технологиялық жабдықтар біршама ыңғайлы және бөлінетін болғандықтан, сол арқылы жаңа бұйым желісін игеруді жылдам өтуді қамтамасыз етеді. Мұндай заводтардың жұмыскерлері тиімділігі жоғары командаларды жылдам құратын болады, қажетті білігі мен дағдысы бар, нақты өндірістік міндеттерді жылдам шеше алатын адамдардан құралады. Сұранысқа көбірек ие құзыреттер — нано-, био-, ақпараттық және когнитивтік технологияларды конвергенцияны жүзеге асыру мүмкіндігі болады.

№7 БОЛЖАМ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫ АЛДАҒЫ 10–15 ЖЫЛДА ТАБЫСТЫ ДАМУҒА ҮМІТІ БАР, БІРАҚ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ ДЕРЛІК АЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ДАЙЫН ЕМЕС

60%

► сарапшылар саланың болашағын оң бағалайды.

41%

► олардың ішінде салатабысты дамиды деп санайды.

19%

► бәрі тұрақты болатынына және жағдай өзгермейтініне сенімдіміз.

31%

► сарапшылар саланың болашағын біржақты бағалауға қиналды.

9%

► сарапшылар саланы дамытудың теріс сценарийін көріп отыр.

Саладағы проблемаларға қарамастан, сарапшылардың 41% Қазақстандағы машина жасау алдағы 10–15 жыл ішінде табысты түрде дамиды деп болжайды.

Тіпті қазіргі қиын жағдайда барлық елдердің экономикасына COVID–19 коронавирустық инфекциясынан туындаған пандемия басқанда, кәсіпорындар толық қуатымен жұмыс істей алмағанда, отандық машина жасау 2020 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өндіріс көлемі 18,5% артқандығын көрсетті.

Ал, өндірушілерді тиімді түрде қолдау үшін Қазақстанда «Индустрия 4.0» технологияларын енгізу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мысалы, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 7 модельді цифрлық фабриканы құру жөніндегі жоба

іске асырылып жатыр, олардың үшеуі машина жасау саласына жатады:

- «Кентау трансформатор заводы» АҚ;
- «KARLSKRONAL LC AB» ЖШС
- және «Алматинский вентиляторный завод» ЖШС.

Жекелеген кәсіпорындардың нәтижелері көз қуантарлық. Ал, сала кәсіпорындарының жаңа технологияларды ауқымды енгізуге дайындығы бойынша жұмыстардың жайы қандай?

Сала сарапшыларының 58% пікірі бойынша, кәсіпорындар қазірдің өзінде алдағы өзгерістерге дайын, мұнда олардың 14% осы деңгейде.

Алайда, сарапшылардың үштен бір бөлігі саланың өзгерістерге

3.2. САЛАНЫҢ ДАМУЫНА БОЛЖАМ

Болашақты болжауға бола ма? Тіпті, машина жасау сияқты, қиын саланың болашағын болжауға бола ма? Әрине, бұл оңай емес.

С онда да, сала сарапшылары, ғылыми ұйымдардың және кадр дайындаушы ұйымдардың өкілдері алдағы 10–15 жылға болжам жасап, қазақстандық машина жасаудың кемел болашақта қа-

лай дамитындығына баға бермек болды.


Нәтижесінде, саланы дамытудың маңызды аспектілеріне жататын болжамдардың қатары қалыптасты.

дайындығына күмәнді, ал олардың 10 % кәсіпорындар дайын еместігіне сөзсіз сенімде.

Бұл ретте кәсіпорындардың саланың өзгеруіне дайындығы — бұл тек өндірістік учаскелерге роботтар мен зияткерлік жаб-

дықтарды енгізу ғана емес екендігін түсіну керек. Бұл кәсіпорындарды басқару, жұмыс істеуші персоналдың қайта оқуы мен жас кадрларды дайындауға деген тәсілдерді өзгерту жөніндегі шаралардың кешені.

3.1-диаграмма
Сарапшылардың сала кәсіпорындарының алдағы өзгерістерге деген дайындығына баға беру



Дереккөз: салалық сарапшылардың сауалнамасы.

№2 БОЛЖАМ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАРЫП ШЫҒУДЫҢ КӨШБАСШЫСЫ
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕН ЖӨНДЕУ, ӨНЕРКӘСІПТІК
ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ДЕРЕКТЕР МОНИТОРИНГІ САЛАЛАРЫ БОЛАДЫ

Сала сарапшылары ең көп технологиялық жарып шығуды келесі сала кәсіпорындарының қызметінен күтуге болады:



ЖАБДЫҚТАРҒА ТЕХНИКАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ

Білдектер мен машиналар — бұл машина жасаушы кәсіпорындардың іргетасы. Оларды үнемі жұмыс күйінде ұстау қажет. Қазіргі таңда жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен жөн-

деу саласы келесі тенденциялардың ықпалымен дамуда:

- ▶ өнеркәсіптік жабдықтардың конструкцияларын қиындату, ол өз кезегінде олардың

жұмысын датчиктермен жүрісін бақылауға қоятын талаптарды арттырады;

- ▶ жабдықтарға кешенді қызмет көрсетуге өту;
- ▶ жабдықтарды жөндеуге жұмсалатын уақытша кедергілерді қысқарту;
- ▶ енгізілетін автоматтандырылған желілер мен роботтарды оларды қолдану мерзімдері аяқталғанға дейін логикалық қолдау және қызмет көрсетуге қажеттілік;
- ▶ бір жалпы көп функционалды жүйеге кәсіпорынның өнеркәсіптік автоматтандырылған басқару жүйелерін бірыңғайландыру көме-

гімен болатын CALS-технологияларды енгізу ауқымын арттыру;

- ▶ кәсіптік даярлығы біршама жоғары деңгейде, мамандануы жағынан шегі нақты белгіленген жаңа бейімдегі персоналға деген қажеттілік.

Егер машина жасауда моральдық жағынан ескірген жабдықтар әлі де қолданылатындығын ескерсек, кәсіпорындардың барлығы роботтандырылған заманауи кешендерді ендіре алмаса, онда техникалық қызмет көрсету мен жөндеу мәселелері өзінің маңыздылығын жоймайды. Және де бұл саладағы техникалық жарып шығусыз бәсекеге қабілетті өнімдер шығару қиын болмақ.

Алайда, ауыр дәрежедегі жарақат алу мен өліммен аяқталатын жағдайлар бұрынғы деңгейінде қалды. Сондықтан сала кәсіпорындарының өндірістік учаске-

леріне заманауи технологияларды енгізу мен осы жұмыстарды ұйымдастыру әдістері персоналдың еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ғана жеткілікті емес.

ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ

Өнеркәсіптік жабдықтардың жұмысындағы істен шығуды шұғыл анықтау мақсатында және жұмыс орнындағы жарақат алу-ды алдын алу үшін өндірушілер өндірістік учаскелерге зияткерлік жабдықтарды ендіреді.

Жабдықтардың ағымдағы күйі туралы жиналатын деректердің көлемі қарқынды түрде өсетін болғандықтан, әртүрлі санаушы құрылғылардан келіп түсетін деректерді өңдеу және мониторинг жасау саласындағы технологиялардың даму қарқынын машина жасаушыларға үнемі қадағалап отыру қажет.

ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚОРҒАУ


Роботтар мен автоматтандырылған жүйелердің таралу тенденциясы машина жасаушылардың ауыр еңбегін жеңілдетеді, алайда, бұл ретте персоналдың жұмыс орнының қауіпсіз ұйымдастырылуына жаңа талаптарды құрады.

Бұл ретте, егер 2015 жылы машина жасауда қауіпсіздік талаптарына жауап бермейтін жұмыскерлердің саны 122 адамды құраса, онда 2019 жылы кәсіпорындардың барлық жабдықтары осы талаптарға сәйкестікке келтірілді.

